



Бекітемін: *af*

Мектеп директоры: Ә.М. Елгондина
«28» тамыз 2021 ж

Тексерілді: *af*

ОҚО: М.Б. Желдибаева
«28» тамыз 2021 ж

Әдістемелік бірлестікте қаралды: *af*

Ә/Б жетекшісі: Ә.Е. Ақылбекова
«24» тамыз 2021 ж

Перспективалық күнтізбелік жоспар

(Мектепалды даярлық сыныбы)

Сурет салу

Сынып жетекшісі: Желдибаева Марфуға Бактыгулқызы

2021-2022 оқу жылы

Сурет салу

Түсінік хат

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;
2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген).

Мақсаты шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялды, байқағыштықты және қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білуді, өз ойларын, сезімдерін көркем түрде бере білу біліктерін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаға эстетикалық қызығушылығын арттыру;
- балалардың өнер туындыларын қабылдау қабілеттілігін, эмоционалды қатынасын дамыту;
- балалардың түсінуіне жақын 2-3 қазақ халқының өнерімен таныстыру;
- халық ойыншықтары туралы түсініктерін кеңейту;
- балаларды әртүрлі бейнелеу өнерімен таныстыруды жалғастыру (живопись, графика, скульптура, сәндік-қолданбалы өнер);
- бірлесіп жұмыс жасау, жұмысты ұжыммен орындау дағдыларын қалыптастыру;
- өз жұмысының нәтижесін бағалауға үйрету;
- живопись және скульпторлық мүсіндердің туындыларымен таныстыруды жалғастыру (картиналар және репродукциялық картиналар);
- балаларды безендірудің мәнерлі құралдарымен, балалар кітаптарындағы иллюстрациялармен, олардың авторларымен таныстыру;

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Сурет салу

№	ҮОҚ-нің өтпелі тақырып	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
1	« Мен кімін және қандаймын?»	Ағаш бұтақтары (Түрлі түсті қарындаштар)	Мақсаты: балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бірбірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету.	1	7.09
		Күзгі орман (Аквафель бояу)	Мақсаты: күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.	1	14.09
		Тостаған (Аквафель бояу)	Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту.	1	21.09
		Торсық (Түрлі түсті қарындаштар)	Мақсаты: балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету.	1	28.09
2	«Мектепке не үшін барамыз?»	Жаңбырлы күн (Аквафель бояу)	Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру.	1	05.10
		Қоржынды сәңдейміз (Түрлі түсті қарындаштар)	Мақсаты: қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру.	1	12.10
		Автобус (Түрлі түсті қарындаштар)	Мақсаты: төртбұрыш пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білу, түрлі түсті бояудың көмегімен геометриялық пішіндерді пайдаланып автобустың суретін салуды үйрету.	1	19.10
		Бидай масақтары	Мақсаты: балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйрету.	1	26.10
		Сазбалшықтан жасалған табак (Аквафель бояу)	Мақсаты: балаларға ою-өрнек элементтерін қолдана отырып табакты сәңдеуді үйрету, тузу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың ою-өрнектерінің суретін салу тәсілдерімен таныстыру.	1	9.11
		Құмыра(Аквафель бояу)	Мақсаты: құмыра туралы білімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге үйрету.	1	16.11
		Гүлдене бер, Қазақстан! (Аквафель бояу)	Мақсаты: мазмұнды сурет салуда бейнелерді бүкіл паракка орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру.	1	23.11

		Ертегідегі құс (Акварель бояу)	Мақсаты: құстардың сыртқы бейнесі туралы жалпы ұғым қалыптастыру, құстар туралы білімдерін жетілдіру.	1	30.11
4	«Менің айналымда не қоршап тұр?»	Менің сүйікті ертегім (Акварель бояу)	Мақсаты: балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу.	1	7.12
		(Акварель бояу)	Мақсаты: қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту және олардың қолданылу мүмкіншіліктерін ажыратуға үйрету.	1	13.12
		Мерекелік отшашу (Акварель бояу)	Мақсаты: балаларға салтанатты шерулердің мәнін түсіндіру, мерекелер туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, көркемдік талғамдарын дамыту.	1	21.12
		Жаңа жыл мерекесі (Акварель бояу)	Мақсаты: Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту.	1	28.12
5	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	Аязата (Акварель бояу)	Мақсаты: қоршаған ортадағы болмысты елестеу арқылы сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін байқауға үйрету. Аязтаның бейнесін салуды үйрету.	1	10.01
		Мерекелік дастарқан (Акварель бояу)	Мақсаты: қазақтың дастарқаны, қонақ күту рәсімі туралы түсініктерін жетілдіру. Іс-әрекет барысында өз ойын толық жеткізе әңгімелеу арқылы тілін дамыту.	1	18.01
		Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы (Акварель бояу)	Мақсаты: серуен кезіндегі бақылаудан кейін алған әсерлерін суретте бейнелеу. Қыстағы жапырақсыз аққайың бейнесін бере білуді үйрету.	1	25.01
6	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	Қар кесегі (Акварель бояу)	Мақсаты: қыс қызығымен таныстыру, қысқа табиғат құбылыстарын сезіне білуге, қардың «аппак ұлпа», «мамықтай» жұмсақ болатынын түсіндіру, балаларға дербес түрде қар кесегін салуды үйрету.	1	01.02
		Атама арналған тымақ (Акварель бояу)	Мақсаты: пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішін, олардың бөліктерінің үйлесімділігін бере білуге үйрету.	1	15.02
		Қаршақыздың сүйікті достары: мысық, күшік (Акварель бояу)	Мақсаты: Қаршақыздың достарымен танысып, олардың суретін сала білуге үйрету.	1	22.02
		Қысқы табиғат (Акварель бояу)	Мақсаты: балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету.	1	29.02
7	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	Қуыршақтың қамзолы (Акварель бояу)	Мақсаты: қазақ оюларының элементтерімен қамзолды әшекейлеу, түстердің үйлесіміне құрылған тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, сурет салу іскерлік-дағдыларын меңгерту.	1	7.03

		8 Наурыз ашықхаты (Акварель бояу)	Максаты: анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге тәрбиелеу.	1	19.03
		Қызғаншақ қонжықтар (Акварель бояу)	Максаты: түрлі жануарлардың сипаттық ерекшеліктерін байқап және оларды суретте бейнелей білу, дұрыс қарымқатынас жасай білу дағдыларын дамыту.	1	9.04
		Сәукелені әшекейлейміз (Акварель бояу)	Максаты: сәукеленің пішініне сәйкес ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білуге үйрету, сурет салу іс-әрекеті арқылы басқимдерді әшекейлеу, ұлттық ерекшеліктерін ажырата білу.	1	12.04
8	«Денсаулықты қалай күту керек?»	Ұлу (Акварель бояу)	Максаты: балаларды сурет салуда жеңіл қозғалыстар мен қалыптарды бейнелеу арқылы мәнерлі бере білуге үйрету, ұлудың суретін салудағы ептілік пен дағдыларын дамыту.	1	19.04
		Көрікті көктем (Акварель бояу)	Максаты: көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру, көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру, ептіліктерін дамыту, бояу түстерін таңдап, алмастыра қолдануға үйрету.	1	26.04
		Сырмақты әшекейлейміз (Акварель бояу)	Максаты: қазақ халқының сәндік өнері бойынша сурет салу, ою-өрнектердің сипатын, түсінің үйлесімділігін бере отырып, көлемді пішіндерді безендеруге үйрету.	1	03.05
		Ғажайып ұшақ (Акварель бояу)	Максаты: күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрету, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру, сурет салудағы іскерлік дағдыларын дамыту.	1	10.05
		Алма ағашы гүлдеді (Акварель бояу)	Максаты: көктем мезгілінің табиғат құбылыстарын, бере білу білігін бекіту.	1	17.05 24.05